ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 07 қазан № 5265-24-00-2/3038 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Ш. Мырзахметов оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 7 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «МАДИНА» Мадина Сапаргалиевна Аширбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде тану
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот,**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 7 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «МАДИНА» Мадина Сапаргалиевна Аширбаева мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «МАДИНА» Мадина Сапаргалиевна Аширбаевадан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «МАДИНА» Мадина Сапаргалиевна Аширбаевадан талап қоюшы Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 7 қалалық емхана»

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 07.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 15.11.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 15.11.2024
5265-24-3-1/3310

мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық сомасы 12 669 (он екі мың алты жүз алпыс тоғыз) теңге, 26 (жиырма алты) тиын және төленген мемлекеттік баж 380 (үш жүз сексен) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 07.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.11.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 15.11.2024

5265-24-3-1/3310